

# Оқушылардың өзін-өзі басқару ережелері, міндеттері, қорытынды

---

Ф.ОҢҒАРСЫНОВА АТЫНДАҒЫ №41 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ

## **Парламенттің мақсаты:**

Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

## **«Жас Ұлан» ұйымының мақсаты:**

Өскелең жас ұрпақты отансүйгіштікке, білім мен өзін-өзі жетілдіруге, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

## Парламенттің міндеттері:

1. Білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға мүмкіндік беру
2. Әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту
3. Өзіндік ойлау мен өзіндік сана сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту

## «Жас Ұлан» ұйымының міндеттері:

1. Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру;
2. балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
3. танымдық жұмыстарды ынталандыру;
4. балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
5. жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.



## Президенттік бағдарламасы

1. Оқушыларды патриоттыққа жетелейтін іс-шаралар ұйымдастыру.
2. Әр білім алушының тұлғалығын қалыптастыруда дебат, кітап талқы, т.б. шаралар өткізу.
3. Мектеп тәртібі мен тазалығына жауапкершілікпен қарайтын орта қалыптастыру.

**Асылбеков Нұрбақыт Асланбекұлы**

Ф.Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясының  
президенті



**Асылбеков Нұрбол Асланбекұлы**

Ф.Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясының  
«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының  
Ұланбасы

**Ұланбасылық бағдарламасы**

1. Мектепте рухани, әдеби іс-шараларды жиі өткізу.
2. Интеллектуалды сайыстар ұйымдастыру.
3. Оқушыларды ізденіске, жан-жақтылық бейімдеу.